

● Ғылыми-конференция

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да академик Сұлтан Тәшірбайұлы Сүлейменовтің 80 жылдығына арналған «Құрылыс материалдарындағы химия және ХХІ ғасырдағы материалтану» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияны облыс әкімі Н.Әшімов сөз сөйлеп ашты.

Қазіргі кезде кез-келген елдің экономикасын дамытудың ба-сымдылығы химия және материалтануда болып отыр. Осы тақырып теңірегінде әңгіме өрбіткен конференцияға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан Республикаларының айтулы ғалымдары қатысты. Олар бес секция бойынша жұмыс істеді.

— Қазіргі рынок әлемі ақпараттық технологияға негізделген, экономика бағытымен дамып барады. Өндіріс тиімділігінің жақсаруы кадрлар біліктілігі мен қызмет сапасын талап ететіндігі рас. Дамыған елдердің бәрінде еңбек рыногы осы бейімділікке ыңғайластырылады. Одан шығатын қорытынды, жоғары оқу орындары білім беріп қана қоймай, біліктілік пен ғылыми қызмет орталығына айналуы керек.

1996-2000 жыл аралығында Ұлыбритания мен АҚШ білім берудің гипермаркеті жүйесіне көшті, — деді техника ғылымдарының докторы, профессор, Инженерлік академияның академигі Марс Үркімбаев. — Біз бұл тұрғыдан алғанда олардан кем дегенде 10-15 жылға кешеуілдеп отырмыз. Мұндай оқу орындарының идеологиясы сабақ берушілердің емес, дәріс алушылардың көзқарасын қалыптастыратын орталыққа айналуы тиіс.

Конференция жұмысын М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің ректоры У.Бишімбаев жүргізіп отырды.

Дидар БЕГАЛИЕВ,
«Оңтүстік Қазақстан».